«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, Қызылорда қаласы, Жалантос Бахадур көшесі, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

120008, город Кызылорда, улица Жалантос Бахадура, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

28.11.2018 № 06-20/3Т-Х-844

«Арнұр Құрылыс Сервис» ЖШС - і

Шымкент қаласы,
Мангельдина көшесі 39

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай-Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 24925 санды № 2878241-1 «Ағымдағы жөндеу жұмысы» электронды конкурсы бойынша ұйымдастырушысы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қазалы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны *(әрі қарай - Конкурсты ұйымдастырушы)* конкурстық комиссиямен шартты жеңілдіктердің негізсіз берілгендігі туралы шағымыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

№ 2878241-1 «ағымдағы жөндеу жұмысы» электронды конкурсының 09.11.2018 жылғы № 2575757 қорытындылар туралы хаттамасының нәтижесі бойынша әлеуетті өнім берушілер «Жан и Сая» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесіне 3 жыл, «Саулет Строй Куаныш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2 жыл, «Арнұр Құрылыс Сервис» ЖШС- не 4 жыл шартты жеңілдіктер берілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» Қағидаларының (бұдан әрі -Қағидалар) 155 –тармағына сәйкес егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Қағидалардың әлеуетті өнім беруші жұмысты сатып алу кезінде толтыратын біліктілігі туралы мәліметтер бойынша 5 қосымшасының ескертпенсіндегі 5 - бөлігінде конкурс мәні құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстардың актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Камералдық бақылау жүргізу барысында конкурстық комиссиямен орындалған жұмыстардың актілерінің электрондық көшірмелері ұсынылмасада, әлеуметті өнім берушілер «Жан и Сая» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесіне 3 жыл, «Саулет Строй Куаныш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2 жыл шартты жеңілдіктерінің негіссіз берілгендігі, ал, әлеуетті өнім беруші «Арнұр Құрылыс Сервис» ЖШС – і бойынша бекітілген нысанда ұсынылған орындалған жұмыстардың актілерінің электрондық көшірмелері негізінде 4 жыл жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдіктің берілгендігі дұрыс негізделгендігі анықталды.

Осыған орай, Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждеріңіз ішінара дәлелін тапқандықтан, конкурс ұйымдастырушыға 28.11.2018 жылы № 41449 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес осы жауапқа қанағаттанбаған жағдайда басқада жоғары тұрған органдарға немесе сотқа шағымдану құқығыңыздың бар екендігін хабарлайды.

Департамент басшысы **Ғ. Қалиев**

орын: М.Есенбаев
тел: 23-38-03